



2 – ДӘРІС

Дәрістің тақырыбы: Буын. Оның түрлері. Тасымал. Екпін.

Тема лекции: Слоги. Виды слов. Перенос слов. Ударение.

МАҚСАТЫ: Фонетиканы қайталау. Жана тақырыпты жан-жакты түсіндіру. Жаттығулармен жұмыс жасау.

I. Кіріспе

1. Фонетиканы қайталау (Повторение фонетики).

- Фонетика саласы нені зерттейді? Что изучает раздел фонетики?
- Қазақ тіліне тән дыбыстар. Буквы свойственные только для казахского языка.
- Дауысты және дауыссыз дыбыстардың жіктелуі. Классификация гласных и согласных звуков.

2. Жана тақырып (Новая тема).

БУЫН (СЛОГИ).

Сөздерді естілуіне қарай бірнеше фонетикалық беліктерге бөлуге болады. Сөзді бөлікке белгілі бір тәртіппен ғана бөле аламыз. Әр бөлік бір-бір буыннан тұрады.

БУЫН – сөз құрамындағы бір немесе бірнеше дыбыстардың тобы.

Мысалы: *қа-ла-мыз-да, би-ле-тін-де-рі-міз-дің, а-гаши-тар-ға, т.б.*

СЛОГ – это один гласный звук или несколько звуков в слове, которые в процессе говорения произносятся одним толчком воздуха. Это наименьшая единица произнесения слова, сколько в слове гласных столько и слогов.

Буынның негізгі белгілері (основные признаки слогов):

1. Жеке тұрып, дауысты дыбыс өзі бір буын құрайды (Слог может состоять из одного гласного звука). Мысалы: *a-na, ə-rіk, ə-ser, т.б.*
2. Дауыссыз дыбыстар жеке тұрып буын құрай алмайды (Слоги не могут состоять только из согласных букв).
3. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады (Сколько в слове

гласных, столько и слогов): *e-рек-ше* (3 дауысты дыбыс, 3 буын), *дос-тық* (2 дауысты дыбыс, 2 буын), *а-дам-дар-ға* (4 дауысты дыбыс, 4 буын), т.б.

4. Буында лексикалық мағына болмайды (В слоге нет лексического значения).
5. Буында бірден артық дауысты дыбыс болмайды (В слоге может быть только одна гласная буква).

Қазақ тілінде буынның 3 түрі бар: *ашық*, *тұйық* және *бітеу*. В казахском языке есть 3 вида слов: ашық, тұйық и бітеу.

1. **АШЫҚ БУЫН** (открытый слог) – бір ғана дауысты дыбыстан тұратын немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға аяқталатын буын түрі. Мысалы: *ә-ке, а-на, а-ла-са, т.б.*
(Вид слова который состоит из одной гласной, либо начинается с согласной и заканчивается на гласную букву)

2. **ТҰЙЫҚ БУЫН** (полузакрытый слог) – дауыстыдан басталып, дауыссызға аяқталатын буын түрі. Мысалы: *АС-та-на, ЕР-лік, АЙ-мақ, т.б.*
(Вид слова который начинается с гласной, и заканчивается на согласную букву)

3. **БІТЕУ БУЫН** (закрытый слог) – дауыссыздан басталып, дауыссызға аяқталатын буын түрі.
Мысалы: *жас-тық-тың, ұлт-тық, ес-көрт-кіш, т.б.*
(Вид слова который начинается с согласной буквы и заканчивается так же на согласную букву)

II. ЖАТТЫҒУ (УПРАЖНЕНИЕ):

1. Сөздерді буынға бөлініздер. Эр буынның түрін ажыратыныз. (Разделите слова на слоги и определите вид каждого слова).

Ел/тан/ба (герб), ұлт/жан/ды/лық (патриотизм), мем/ле/кет (государство), ө/нер/кә/сіп (промышленность), қа/ра/ша (ноябрь), жел/ток/сан (декабрь), мез/гіл (сезон), кә/сіп/о/рын (предприятие), қа/на/ғат (удовлетворение), акпарат (информация), бірлестік (объединение), қолөнер (ремесло), мұғалім (учитель), ғимарат (здание), мереке (праздник), қажеттілік (потребность), серікtestіk (товарищество), оқиға (событие), аурухана (больница), кітапхана (библиотека), оқулық (учебник), дәрумен (витамин), мағына (значение), арыстан (лев), жолбарыс (тигр), тікүшак (вертолет), әрекет (действие), көзілдірік (очки), шығармашылық (творчество), катысушы (участник).

ТАСЫМАЛ (Перенос слова)

Сөздің жолға сыймаған бір немесе бірнеше буынның келесі жолға бөлініп

жазылуы **тасымал** деп аталады.

При письме слова переносятся с одной строки на другую по определенным правилам, которые установлены в русской орфографии. **Перенос слов** осуществляется по слогам и с учетом морфологической структуры слова.

Тасымалдау кезінде еске ұстайтын ережелер

1. Сөзді тасымалдау буын жігінен басталады: **тө-менірек, төме-нірек, томенирек**.
2. **Й** және **У** дыбыстары бар сөздерді буынға бөлгенде, бұл дыбыстар келесі буынның басында келеді және солай тасымалданады: **да-уыс, са-уат, да-йындық, жа-уын, т.б.**
3. Сөзді тасымалдағанда бір әріпті жол соңына қалдыру немесе келесі жолға тасымалдау дұрыс емес (Нельзя оставлять в конце строки или переносить на другую строку одну букву).
4. Екі әріптен күралған **Я, Ю** әріптеріне аяқталған сөздер тасымалданбайды: **сия, қию, аю, ою**.
5. Аты және әкесінің аты қысқартылып, басқы дыбысы ғана жазылғанда, фамилиясынан бөліп, тасымал жасауға болмайды (Нельзя переносить сокращённые имя, отчество, отрывая их от фамилии человека): **Ә.-Жұмабаев, Ә.К.-Жұмабаев** деу дұрыс емес.
6. Қысқартылған өлшем атаулары тіркескен сөзінен бөлінбейді (Нельзя переносить сокращённые обозначения мер, отрывая их от цифр, указывающих число измеряемых единиц): **100-г немесе 25-см** деу қате.
7. Қысқарған сөздер тасымалданбайды (Нельзя переносить сокращённые слова): **ТМД, БҰҰ, АҚШ**.

ЖАТТЫҒУ (УПРАЖНЕНИЕ):

1. **Дұрыс тасымалданған** сөзді белгілеңіз (Укажите правильный вариант).
 - a. Қай - ырымдылық;
 - ә. Қайырымдыл - ық;
 - б. Қа - ырымдылық;
 - в. Қайы – рымдылық.
2. **Тасымалданбайтын** сөзді белгілеңіз (Укажите слово, которое не

переносится).

- а. Елорда;
- ә. Дәрігер;
- б. Тәуелсіздік;
- в. РСАО.

3. Тасымалданбайтын сөздер қатарын белгілеңіз (Укажите ряд слов, которые не переносятся).

- а. Эрекет;
- ә. Қап-қатты;
- б. 180 км, 18 м, 11 см;
- в. жиырма тоғыз.

ЕКПІН (УДАРЕНИЕ).

Екпін – сөйлем ішіндегі кейбір сөздердің немесе сөз ішіндегі кейбір буын, дыбыстардың басқа тілдік бөлшектерден ерекшеленіп, көтеріңкі айтылуы.

Қазақ тілінде екпін, негізінен, соңғы буынға түседі. *Мысалы: Бала далада ойнап жүр.* Сөз ішіндегі екпін дауысты дыбысқа түседі.

Ударение – это выделение одного из слогов с большей силой при произнесении слова.

В отличие от русского языка, где ударение является подвижным (окна – окна; дружба – дружить), казахское словесное ударение является неподвижным, оно падает, как и в других тюркских языках, на гласный последнего слога в словах, состоящих из двух и более слогов. *Мысалы: балаларымыз (наши дети), оқулықтар (книги), жапырақтар (листья).*

Ударение всегда падает на гласный звук в слоге, например: *трава, озеро, небесный.*

В заимствованиях или в словах с эмоциональным оттенком (или в междометиях) ударение может варьироваться.

Ударение является одной из фонетических примет слова. Иногда только ударение различает слова, например: *парить и парить.*

Жаттығу (Упражнение):

1. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар. Сөз екпініне көніл бөлініздер (Выразительно прочитайте текст. Обратите внимание на ударение слов).

Астана – Азияның ең солтүстігінде орналасқан елорда. Қазіргі уақытта Астананың аумағы жеті жүз жиырма екі шаршы шакырымнан асады, тұрғындар саны – бір миллионға жуық. Қала – «Алматы», «Сарыарқа» және «Есіл» аудандарынан тұрады.

Астана Қазақстанның орталығынан солтүстікке қарай құрғақ далалық өлкеде, құрғақ бозды-бетегелі дала аймағында орналаскан. Қала аумағы алса терраса – жайылма жер бедері түрінде келеді. Есіл өзені елорданың басты су көзі болып табылады. Ауа райы құрт континентальды – қысы сүйк әрі ұзак, жаз мезгілі ыстық және бірқалыпты қуан.

Еуразия құрлығының ортасында қолайлы орналасуы Астананы экономикалық тұрғыдан тиімді көлік, қатынас және логистика орталығына, Еуропа мен Азия арасындағы өзіндік транзиттік көпірге айналдырды.

Ел астанасын ауыстыру Астананың экономикалық дамуына қуатты серпін берді. Қала экономикасының қарқынды дамуы көптеген инвесторлар үшін тартымды болып отыр. Астананың елге тартылған инвестициялардың респубикалық көлеміндегі улесі 10 пайызға, ал республика экономикасындағы өнірлік жалпы өнімінің улесі 10,2 пайызға тең.

Қала экономикасының негізі – сауда, өнеркәсіп өндірісі, көлік, байланыс және құрылымдық салалары.

III. СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС

Апта күндері – дни недели:

1. Дүйсенбі – понедельник
2. Сейсенбі – вторник
3. Сәрсенбі – среда
4. Бейсенбі – четверг
5. Жұма – пятница
6. Сенбі – суббота
7. Жексенбі – воскресенье

Ай атаулары – название месяцев:

1. Қаңтар – январь
2. Ақпан – февраль
3. Наурыз – март
4. Сәуір – апрель
5. Мамыр – май
6. Маусым – июнь
7. Шілде – июль
8. Тамыз – август

9. Қыркүйек – сентябрь
10. Қазан – октябрь
11. Қараша – ноябрь
12. Желтоқсан – декабрь

Жыл мезгілдері – времена года:

1. Қыс – зима
2. Көктем – весна
3. Жаз – лето
4. Күз – осень

Жаттығулар (Упражнения):

1. Сұрақтарға жауап беріңіз (Ответьте на вопросы).

1. Бір тәулікте қанша сағат бар?	Сейсенбі
2. Бір аптада неше күн?	Наурыз, сәуір, мамыр
3. Аптаның екінші күнін атаңыз.	Маусым
4. Аптаның бесінші күнін атаңыз.	Сенбі, жексенбі
5. Аптаның демалыс күндерін атаңыз.	Ақпан
6. Бір жылда неше ай бар?	Жиырма төрт
7. Күз мезгілінің айларын атаңыз.	Жұма
8. Жаз мезгілінің бірінші айын атаңыз.	Қыркүйек, қазан, қараша
9. Қыстың үшінші айын атаңыз.	Он екі
10. Көктем мезгілінің айларын атаңыз.	Желтоқсан

2. Төмендегі мәтінді оқыңыздар, «агаши», «жанғақ», «түйме» сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар (Прочитайте текст, и выполните фонетический разбор вышеуказанных слов).

Панама, Колумбия елдерінде «таупа» деп аталатын пальма ағашы өседі. Жанғақтарының салмағы он килограмға жететін бұл ағаш жүз жыл жасайды еken. Жанғақтың ішінде алты-он дәннен тұратын бірнеше қаушақтары бар. Қаттылығы піл сүйегімен тендес. Осы дәндерден түймелер, моншақтар

жасалынады.